

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес эндоскоптарды өндеуге арналған репроцессорды сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 24 қарашадағы № 151 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Эндоскоптарды кейін спиртпен өндеумен және кептірумен тазартуды, жуу құралдарымен жууды және дезинфекциялау құралдарымен дезинфекциялауды жүзеге асыратын эндоскоптарды жууға және дезинфекциялауға арналған автоматты қондырғыдан тұратын эндоскоптарды өндеуге арналған репроцессор сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8479 тауар позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович